



ЗАМАНАУИ БАҚ ЖӘНЕ ТІЛ НОРМАЛАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫ

Болатова Гүлжауһар Жамбыл қызы
*филология ғылымдарының кандидаты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті Журналистика және
саясаттану факультетінің доценті
Астана, Қазақстан*

Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ, ағылш. *Mass media*) — арнайы техникалық құралдардың көмегімен, кез келген тұлғаларға әртүрлі мәліметтерді ашық жариялауға арналған әлеуметтік мекемелер. Сарапшылар олардың мынадай ерекше белгілерін атап көрсетеді: жариялылық, яғни тұтынушылардың шексіздігі; арнайы техникалық құралдардың, аппара-туралардың болуы; ақпарат таратушының (коммутатор) қабылдаушыға біржақты ықпалы; тұтынушы аудиторияның тұрақсыз әркелкілігі. Қоғамның өмір сүруін қамтамасыз етудегі БАҚ-тың рөлі зор. Наполеон : "Жауға қарсы жүздеген мың қол әскерден, төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор", - деген. 1840 ж. француз жазушысы Оноре де Бальзак баспасөзді «төртінші билік» деп атады. Билік институтында БАҚ-тың тура мағынасындағы орны болмағанымен, оның саяси процестегі орнын асыра бағалау мүмкін емес. Қазіргі кезде электронды ақпарат құралдарының пайда болуымен бұл әлеуметтік институт бүгінгі қоғамның, саяси биліктік қатынастардың барлық қырларын түбірімен түрлендіріп жіберді.

- БАҚтың атқаратын қызметі әртүрлі. Сарапшылардың пікірінше, олардың аса маңыздыларына мыналар жатады: ақпараттық, білімдік, әлеуметтендірушілік, мүдделерді тоғыстырушы, саясат субъектілерінің ықпалдасуы, жұмылдыру және т.б
- БАҚ-тың ақпараттық қызметі азаматтарға, билік органдарына, қоғамдық институттарға аса маңызды жалпы оқиғалар, құбылыстар, үрдістер жайлы мағлұматтарды таратудан тұрады. Бұл қызметсіз кез келген қоғамның толыққанды өмір сүруі мүмкін емес.
- БАҚ-тың білімдік қызметі азаматтарға әртүрлі ғылым саласынан - қоғамдық-гуманитарлықтан жаратылыстану ғылымдарына дейінгі танымдық хабарларды дайындап, таратуынан көрінеді. Әрине, ол толыққанды, жүйелі, арнайы оқу





орындарында берілетін ғылымды қамтамасыз ете алмайды. Дегенмен де, қазіргі қоғамда адам өз өмірінің әр кезеңінде білімнің басым көпшілігін осы БАҚ арқылы алады.

- БАҚ-тың әлеуметтендіруші қызметі адамдардың әлеуметтік ережелерді, құндылықтарды сіңіріп, мінез-құлықтарын қалып-тастыруға септігін тигізеді. БАҚ-тың жүйелі түрде күнделікті қалың қауыммен қауышуы оны жеке тұлғаны әлеуметтендіруші алғашқы институттар – отбасы, дін, мәдениет ошақтарымен қатар бір орынға қойды. БАҚ арқылы адамдар өздерін жалпы әлеуметтік, жалпы әлемдік процестердің бір бөлшегі ретінде әрі өзінің қоғамға, мемлекетке, саясат әлеміне қатысы барлығын сезінеді. Саяси журналистердің үгіт-насихатының арқасында азаматтар әлеуметтік-саяси процестердің белсенді қатысушыларына айналады [1].

Бұқаралық ақпарат көпдеңгейлі білімді бір арнаға тоғыстырады. Жалпы адамзат баласының рухани жағынан дамуында, ұрпақ тәрбиесінде бұқаралық ақпарат құралдарының да алар орны айрықша екені сөзсіз. Бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдары күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. БАҚ ақпарат пен ойын-сауық көзі ғана емес, олар сонымен қатар қарым-қатынас құралы, қашықтыққа қарамастан, басқалармен байланысу тәсілі. Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану бос уақытымыздың көп бөлігін алады. Бұқаралық ақпарат құралдарына теледидар, радио, баспасөз, компьютерлер, интернет, ұялы телефондар, стационарлық телефондар, сондай-ақ суреттерді жазу үшін қолданылатын бейнекамералар жатады.

Медиа мен мемлекет егіз ұғым болып астасқалы қанша уақыт өткені баршамызға аян. Ақпарат құралдары жарқын жолға қойылмай, қоғамның өсіп-өркендеуін көзге елестетудің өзі қиын. Оны өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Әрине, Қазақстан жерінде де бұқаралық ақпарат құралдары саласы қарқынды дамып, әлемдегі болып жатқан үрдістерден қалыспай келе жатқанын айта кеткен жөн. Қазіргі кезде елімізде бес мыңнан астам бұқаралық ақпарат құралдары тіркелген және уақыт өткен сайын олардың қатары ұдайы өсу үстінде. 2022 жылғы жаздағы мәлімет бойынша, БАҚ-та қазақ және орыс тілдері жиі қолданылады, нақтырақ айтқанда олардың жалпы саны – 1852, оның ішінде 853-і – орыс тілінде, 693-і – қазақ тілінде, 1512-і үш тілде ақпарат таратады [2].





Қазақстан Республикасы Тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңнен бері әлемдік деңгейде өз орнын айқындап, елде болып жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени өзгерістер БАҚ -та толассыз көрініс табуда. Бүгінгі таңда қарулы майдан емес, ақпарат майданы жаһандық сипатқа ие болғаны көпшілікке мәлім. Сол себепті де Қазақстанда еліміздің өркендеп дамуын, қарқынды түрде ілгері басуын насихаттау үшін бұқаралық ақпарат құралдарының тұрақты да жүйелі жұмыс істеуі аса маңызға ие. Бұл тұрғыдан алғанда, БАҚ-тың тілі мен стилі, ондағы тілдік нормалардың сақталуы басты назарда тұрары айғақ. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген уақыттан бері қазақ тілінің сөздік қоры еселеп артты. Оған әсер еткен Республикадағы қоғамдық-саяси, экономикалық өзгерістер. Қоғам өзгерісімен бірге адамдардың өмір сүру дағдысы да қоса өзгеріске түседі. Осыған орай, ойды жаңаша сипатта жаңаша сөздермен бейнелеп жеткізу қажеттігі туындайды. Заман ағымына сай, түрлі ғылым саласындағы жаңалықтарды туған тілінде оқып үйрену қажеттілігі туындаған бүгінгі шақта елімізде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында 100 кітап қазақ тілінде оқырмандарына жол тартқан болатын. Солардың қатарында, әрине, журналистика саласы бойынша да бірнеше оқулықтар қазақ тіліне аударылып, оларды өзіміз қызмет атқаратын Л.Н. Гумилев атындағы Журналистика және саясаттану факультетінде де кеңінен қолданудамыз. Олар:

1. Тер-Минасова С. Тіл және мәдениетаралық коммуникация -Астана, 2018
2. Бейнбриж Ж., Гок Н., Тайнан Л. Медиа және журналистика.- Астана, 2019
3. Патрисия Уоллейс Internet психологиясы.- Астана, 2019
4. Ли Энн Пек, Гай С. Рил Медиа этика. -Астана, 2018
5. Роберт Хиллиард. Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу.- Нұр-Сұлтан,2020

Бұларға қоса, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында 2019 жылы жарыққа шыққан Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі де [3] журналистер үшін сенімді көмекші құрал болып табылады. Онда жалпыхалықтық сөздер мен кең тараған терминдер алынып, олардың мағынасы түсіндірілген. Бір ғажабы бұл сөздік арқылы қазақ тілінің сөздік қоры латын, грек, ағылшын, француз, араб, парсы, испан, неміс, орыс, итальян, қытай, моңғол, португал және өзге тілдерден енген сөздермен әр кезеңде байып отырғанына көз жеткіземіз. Мәселен, абсент – француз сөзі, аватар – ағылшын сөзі, бұғаз – араб сөзі, бұлбұл – парсы сөзі,





бухта – голланд сөзі, режиссердің сахнаға шық деген бұйрығын білдіретін
бутафория – итальян сөзі, бутан – неміс сөзі. Солай кете береді.

Жалпы қазақ тіліне енген экономикалық терминдердің мағынасын халыққа
жақын таныстыру мақсатында және өзге сала мамандары мен журналистер үшін
де аса пайдалы қазақстандық «Атамекен бизнес» телеарнасында арнайы
берілетін «Бизнес сөздіктің» маңызын атап өткен орынды. Назар аударайық:

Бизнес сөздік

КӨГІЛДІР - КОМПАНИЯЛАРЫ

Бұл – еркіндікке, қызметкерлердің өзін-өзі басқаруына, өзін-өзі бақылау,
бастамашылыққа негізделген компаниялар

БЕНЧМАРКИНГ

Компания көрсеткіштерін саланың орташа көрсеткіштерімен, бәсекелес
компаниялармен және трендтерімен салыстыру

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі коммерциялық, банктерге қысқа
мерзімді несиелер беретін және олардан депозиттерге ақша қабылдайтын
пайыздық мөлшерлеме

МАРКЕТИНГТІК ЛИД

(MARKETING QUALIFIED LEAD)

Өнімге қызығушылық танытып, сайтта байланыс деректерін қалдырған немесе
басқа әрекеттерді орындаған әлеуетті тұтынушылар

НЕОБАНК

Необанктер - өз қызметтерінің көпшілігін интернет арқылы ұсынатын банктер

ОВЕРБУКИНГ

Әуе компаниясының борттағы орындар санынан көп билеттердің сатылуы

OMNICHANNEL

Тұтынушылар үшін әртүрлі төлем әдістері. Онлайн, мобильді дүкендерді
біріктіретін бөлшек сауда үлгісі

ПЕРФОМАНС-МЕНЕДЖМЕНТ

Тиімділікті басқару, нәтижелерді басқару, мақсаттар мен құзыреттерге
негізделген басқару моделі, оның ішінде мақсатқа жету және қызметкердің
кәсіби деңгейін бағалау





СТЕЙКХОЛДЕР

Мудделі тарап, кәсіпорынға қатысты адамдардың жиынтығы. Кәсіпорынның негізгі мүдделі тараптары инвесторлар, кредиторлар, қызметкерлер, тұтынушылар, қоғамдық және мемлекеттік ұйымдар болып табылады

БІРЕГЕЙ САТУ ҰСЫНЫСЫ

Компанияның бәсекелестерінен ерекшеленетін орташа ұсынысы

ДАУНШИФТИНГ

Табысты мансап пен үлкен жалақыдан бас тартуды қамтитын өмірлік философия.

Осы тұста «АТАМЕКЕН BUSINESS» медиахолдингіде еңбек етіп, шығармашылық әлеуетін танытып жүрген Л.Н. Гумилев атындағы Журналистика және саясаттану факультетінің түлектері: ақпараттық бағдарламалар дирекциясының директоры Айбек Құрмет, тілшілер желісінің меңгерушісі Жанна Алпысбаева, арнайы тілшілер Маржан Жұмабай мен Саяна Санакова, сондай-ақ халықаралық жаңалықтар тілшісі Диана Токенова сынды мамандар өз ісінің білгірі екендігі бізді, яғни ұстаздарын қуантады.

Қазіргі ақпараттық технологиялар заманында сол ақпараттардың сан түрін тарататын бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі айрықша. Тіліміздің қолданыс аясын кеңейту мен тіл мәдениетінің сақталуы тұрғысынан қарағанда да бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы мен қоғамдық санаға әсері өте күшті. Сол себептен де қазақ тілінде ақпарат тарататын БАҚ-тың санын да, олардағы жарияланымдар мен хабарлардың сапасын да арттыру – мемлекеттік, ұлттық маңызы зор мәселе. Біз бүгінгі таңдағы ақпараттық кеңістігімізден өз орнын алып, қызметтерін атқарып жатқан БАҚ-тарды көпсінбейміз. Әсіресе, қазақ тілінде ақпарат тарататын телеарналар мен сайттардың, порталдардың арта түсуіне мүдделіміз. Екінші жағынан, бүгінгі барымызды бағалап, жетістіктер мен жақсы тәжірибеден үлгі алып, кеткен кемшіліктерді уақытылы түзетіп отыруымыз да қажет. Бұл тұрғыдан келгенде, жалпы көпшілік пен қалам ұстаған қауым, әсіресе, біз – тіл мамандары БАҚ тілінің мәдениетіне баса назар аударып, оны зерттеп-зерделеп, жақсысын үлгі қылып, кемшіліктерін атап көрсетіп, түзетіп отыруға міндеттіміз. Сонда ғана ұлтымыздың жазу, сөйлеу мәдениеті жоғарылайды, тілбұзарлық, сөз қолданыстағы жауапсыздық пен талғамсыздық





өрістемейді [4],- деген белгілі лингвист ғалым Шерубай Құрманбайұлы, БАҚ халықтың тіл мәдениетін көтеретін пәрменді құрал екендігіне ден қойғызады.

Әдебиеттер:

1. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.
2. <https://azattyq-ruhy.kz/news/40179-askar-omarov-elimizde-5-mynnan-astambak-tirkelgen-onyn-693-i-kazak-tildi>
3. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі /Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С. Исақова, Б.Мизамхан, Г.Әлімбек, Г. Мамырбекова, Д. Боранбаев. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019
4. <https://qamshy.kz/article/31771-baq-dgane-til-madenieti-qanday-kuyde>
5. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы/ Рәбиға Сыздықова / – Алматы: «Ел-шежіре», – 2014.

